

## Еңбекшілдер аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы № С-48/11 шешімі

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамалары өзгеруіне байланысты, Еңбекшілдер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Еңбекшілдер аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 9 қаңтардағы № С-12/6 " Еңбекшілдер ауданының жерлерін аймақтарға бөлу схемасын және жер салығының базалық ставкаларын жоғарлату (төмендету) пайыздарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3644 тіркелген, 2013 жылдың 15 және 22 ақпандағы "Жаңа дәуір" - "Сельская новь" аудандық газетінде жарияланған) шешімі;

2) Еңбекшілдер аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 30 сәуірдегі № С-39/5 " Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Еңбекшілдер ауданы шекарасындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығы және бірыңғай жер салығы мөлшерлемесін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4825 тіркелген, 2013 жылдың 19 маусымда "Жаңа дәуір" - "Сельская новь" аудандық газетінде жарияланған) шешімі;

3) Еңбекшілдер аудандық мәслихатының "Еңбекшілдер аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 45/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5171 тіркелген, 2016 жылдың 22 қаңтарында "Жаңа дәуір" - "Сельская новь" аудандық газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа еңгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының  
төрағасы

*И.Магерко*

Аудандық мәслихат  
хатшысының м.а.

*И.Магерко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК